

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ



МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТІ



№10
(6262)
сейсенбі,
24 қаңтар
2017 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moinkum-tani.kz

moinkum_tani@mail.ru

● ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРДІ

ОҢ БАҒА БЕРІЛДІ

ҚЫЗЫЛТАЛ
АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ БАҒДАТ
НАУРЫЗБАЕВ
ӨТКЕН АПТАДА
А.НАЗАРБЕКОВ
АУЫЛЫ ХАЛҚЫНА
2016 ЖЫЛДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ
БОЙЫНША ӨЗІНЕ
ЖҮКТЕЛГЕН
ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН
МІНДЕТТЕРІНІҢ
ОРЫНДАЛУЫ
ЖӨНІНДЕ ЕСЕП
БЕРДІ



● ЕСЕП: ҰСЫНЫС, ПІКІРЛЕР

Аудан, ауыл әкімдерінің жылдық есептеріне байланысты жергілікті жерлерден редакциямызға әртүрлі ұсыныс-пікірлер түсуде. Бүгін солардың бірнешеуін жариялап отырмыз.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТЫҢ ШАПАҒАТЫ МОЛ

Өткен жылы ауылымызда көптеген жұмыстар атқарылды. Ең бастысы ауылға таза ауыз су беру бір жүйеге түсті. Сондай-ақ ұзақ жылдардан бері қордаланып қалған көптеген күл-қоқыс сыртқа шығарылды.

Елімізде білім беру саласына айрықша көңіл бөлініп келе жатқаны белгілі. Міне мұның шапағатын біздің ауыл балалары да көріп отыр. Дәлірек айтқанда, 2016 жылы ауылдағы М.Әуезов атындағы орта мектепке жаңа жылыту қазандығы

жемқорлық сипатында, 4 қылмыстық іс бойынша соттың айыптау үкімі шығарылды.

Жер заңнамасының сақталуына талдау жүргізіліп, нәтижесінде игерілмеген кадастрлық құны 16 437 105 теңге тұратын 2 690 гектар жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Аудан прокуратурасымен енгізілген актінің нәтижесімен жергілікті атқарушы органдармен бюджеттен 2016 жылға аудандық

сәйкестендіріліп, 1 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Табиғат қорғау бойынша

Аудан аумағында сексеуіл ағаштарының заңсыз кесілуін, тасымалдануын алдын алу мақсатында құрылған мобильдік топтың мүшелерімен 2016 жылы жүргізілген рейдтік іс-шаралардың нәтижесімен, сексеуіл ағаштарын заңсыз тасымалдау бойынша 6 дерек анықталып, аудан прокуратурасымен

жалпы тіркелген қылмыстардың саны төмендегенімен кейбір санаттағы қылмыстар өскен. Мысалы, ауыр қылмыстар саны 13-тен 20-ға немесе 53,8 пайызға, орташа дәрежедегі қылмыстар 51-ден 68-ге немесе 31,4 пайызға өсіп отыр. Есептік мерзімде аудан прокуратурасымен 13 қылмыстық істер ЕРДРГЕ тіркеліп, нәтижесінде оның 7 сотқа жолданды.

Заң бұзушылықтарға жол берген полиция қызметкерлеріне

тәжірибесі 10,5 пайызды құрады. Аудандық прокуратурамен аудандық соттың үкіміне апелляциялық наразылық енгізіліп, толықтай қанағаттандырылды. Қылмыстық істер бойынша сотталушылардың әрекеттерін қайта дәрежелену - саралау және қылмыстық істі қайта тергеуге жолдау жәйттері орын алмаған (жеке шағым бойынша үкімдер өзгертілмеген). Сот тарапынан тергеу сапасына

сапалы жауап берілді, бір уәждер бойынша қайта арыздану жәйттері орын алмаған және прокуратура органдарының имиджіне кері ықпалын тигізетін, қоғамдық шиеленіскен пікір тудыратын шағымдарды анықтау басты назарға алынып, үнемі талдау жүргізілуде.

Нұржан ӘДІЛОВ,
аудан прокуроры,
әділет кеңесшісі.

● ОҚЫҒАН ЕЛ - ОЗАДЫ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ - БІЛІКТІ МАМАН

«БІЛІМДІ ДАМЫТА АЛМАЙТЫН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ» - ДЕП АЙТҚАН ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ (ЖОО) БАСТЫ МІНДЕТІ – ӨЗГЕРМЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА БЕЙІМДЕЛУГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ ЖАҢА БУЫН МАМАНДАР ДАЯРЛАУ.

Бұл алдымен білім беру сапасы, оны бағалау үшін халықаралық талаптарды ұстану, менеджменттің жаңа деңгейін және ұжымды басқарудағы заманауи тәсілдерді пайдалану қажет. Сондай-ақ дипломдардың халықаралық деңгейде танылуы мен білім беру бағдарламаларының шетелдік жетекші оқу орындарының бағдарламаларымен сәйкестігін қамтамасыз ету, шетелдерде, елімізде жұмыс істейтін шетелдік және бірлескен ұйымдарда университет мамандарының біліктілігін тануға қажетті жағдай жасау мүмкіншіліктерінің артып отырғаны.

Сапалы білім беру дегеніміз - ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және студент бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытында лайықты іс-шаралар атқарылуда. Осындай стратегиялық міндетті шараларды орындау барысында халықаралық талаптарға сәйкес елімізде жоғары білім беру жүйесін дамытудың лидері ғана емес, сондай-ақ қоғамның білімнің, экономикалық инновациялардың дамуына елеулі үлес қосатын еліміздегі жетекші ірі оқу орны - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орны бөлек.

Бүгінде Қазақстандық ЖОО ішінде Әл-

Фараби атындағы ҚазҰУ – әлемнің рейтингісі жоғары және 200 топ «жасыл» университеті қатарына енген жалғыз оқу ордасы, бұл ғылым мен техника жетістіктерін кампустың энергетикалық стратегиясы мен қаланың экожүйесіне интеграциялау бойынша белсенді жұмысын айғақтайды.

Университеттің жоғары білікті мамандар даярлау үшін қолданылатын ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндірістік қарымы жеткілікті. Қазіргі таңда елімізде қалыптасып келе жатқан жоғары білім берудің инновациялық үлгісі мен оқу үдерісін стандарттау, басқарудың елеулі өзгерісін, жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды білім беру арқылы дамытуды талап етеді.

ҚазҰУ-дегі студенттер саны Қазақстан бойынша ең жоғары көрсеткіш саналады. Мұнда еліміздің ең мықты білім деңгейі жоғары жастары шоғырланғандықтан, әрі оқытушы-профессорлар құрамының әлеуеті кең болғандықтан нақты білім беру шетелдік алдыңғы қатарлы оқу орындарымен ықпалдасқан тәжірибе бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін білім алушылардың

меңгеру деңгейін анықтау мақсатында соңғы курс студенттері үшін жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына байланысты және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру ұйымдарына тәуелсіз оқыту сапасына мониторинг жүргізу үшін 2011-2012 оқу жылында оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) рәсімі енгізілген. Онда бағалау міндеттері:

- Студенттердің білім сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандарттары талаптарына сәйкестігін анықтау;

- Оқу үрдісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау;

- білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасау болып табылады.

2016-2017 оқы жылындағы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бағалау барысында барлық оқыту нысандары бойынша оқытын- экономика және бизнес бағытындағы 8 мамандықтағы 4 курс студенттеріне жүргізілген болатын. Соның ішінде «Есеп және аудит» мамандығы студенттерінің оқу жетістіктерін сырттай бағалау көрсеткіштері ең жоғары болды. Яғни, мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарларында қарастырылған пәндер бойынша тест тапсырмаларын 126,5 пайызға орындаған. Осындай жоғары көрсеткішке қол жеткізген кафедра ұжымының жүргізілген жүйелі жұмыс нәтижесінде еңбегін бағалай отырып, Экономика және бизнес Жоғары мектебінің деканы, профессор Б.Ермекбаева,

кафедра меңгерушісі профессор А.Байдильдина және «Есеп және аудит» кафедрасының оқытушылары: профессорлар Э.Джаншанло, С.Баймұханова, доценттер М.Байдаулетов, Б.Сұлтанова, Н.Товма, Ж.Оралбаева, Г.Нұрғалиева, О.Жақышева, аға оқытушылар О.Корут, А. Арыстамбаева, Э.Ақтөреевалардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Кафедра оқытушылары инновациялық-коммуникациялық, әдістемелік-ақпараттық проблемаларды шеше алатын, студентпен бірлесіп орындайтын жаңа үлгілерін жасай алатын тұлға болуы – бүгінгі басты сұраныстардың бірі екендігін жете түсіндіреді. Сонда ғана оқытушы білім стандарттарын меңгерудің тиімді жолдарын жақсы игеріп, оқытушылардың оқудағы жетістіктері объективті бағаланады және шын мәніндегі білім сапасына қол жеткізеді.

Бүгінгі күні заманауи технологиялар күн сайын жаңарып, заман талабына сәйкес білім беру үшін кафедра оқытушылары да үнемі ізденіс үстінде. Даму үдерісіне үлгеріп алмаған оқытушы заманына сай маман даярлай алмайтындығын тілге тиек етсек, оқытушы ең озық технологияларды жете меңгерген, тек теориялық тұрғыдан қаруланған емес, практикалық тұрғыдан машықтанған кәсіби құзыретті болғаны жөн. Әр оқытушы студентті кім үшін және не мақсатпен дайындап отырғанын білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алатындығына сеніммен қарайды.

А. БЕЙСЕНБАЕВА,
э.ғ.к., доценті
Қ. АКИМБАЕВА,
аға оқытушы.



Тұмау вирусына шалдығу өте оңай, себебі ол жан-жаққа ауалы-тамшылы жолмен таралады және науқас болған жылы, ауасы нашар алмасатын бөлмелерде ұзақ сақталады. Әсіресе, тұмауды иммунитеті әлсіреген адамдар жеңіл жұқтырады, оның ішінде жүкті әйелдер, балалар, қарттар. Науқас ауруға шалдығу мезетінен бастап, басқа адамдармен жақын қарым-қатынас жасамауы керек.

Тұмаудың алғашқы белгілері барлығына мәлім - әлсіздік, қалтырау, дене қызуының 38-39 градусқа дейін көтерілуі, бұлшық ет пен буындардың сырқырауы. Бас-

тың қатты ауру сезімі, көздің ауруы, әсіресе жарыққа, көзден жас ағу секілді белгілер жиі байқалады.

Кез-келген дәрігер мақұлдайтын жайт: тұмау мен оның асқынуларын емдегеннен гөрі, аурудың алдын алу әлдеқайда жеңіл. Алдымен ағзаның қорғаныш күштерін жоғарылату. Ағзаның вирусқа қарсы тұру қабілетін күшейту үшін бірқатар шаралар кешенінің талаптарын орындау қажет, рационалды тамақтану мен полидәрумендерді қабылдаудан бастап, денені шынықтырумен аяқтау. Алдын алу әдістерінің бірі науқас адамдармен қарым-қатынасты шектеу болып табылады. Сондай-ақ

тапшылығы, бронхиалды астма, қант диабеті, менингит, энцефалит сияқты созылмалы аурулардың қозып асқынуы.

адамдар көп жиналатын жерлерге бармау, науқас үйде болғанда оны оқшаулау, бөлмені жиі желдету және ылғалды жинау жүргізу, науқасқа жеке ыдыс бөліп, оны тұрақты түрде залалсыздандыру.

Тұмаудың алдын алудың маңызды әдістерінің бірі, әсіресе ауырған кезде немесе науқасқа күтім жасағанда қолды сабынмен немесе дезинфекциялық сулықтарды пайдаланып, жиі жуу болып табылады.

**А. ЕЛЕУОВА,
Э. ҰЗАҚОВА,
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау басқармасының мамандары.**

еңбегіне жеміс, отбасына амандық, көлдей көңіл, баянды бақыт пен ұзақ ғұмыр тілейміз!

*Мерейтойың құтты болсын,
Қуанышқа ұжымдастар тілектес.
Бөлене бер күн сайын шаттыққа,
Нұрлы таңдар жетелесін бақытқа.*



**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН:
Қызылтал ауылдық округі
әкімшілігінің ұжымы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сойылмаған күйінде бөлірік, қасқыр сатып аламын. Тісі, сирақтары орнында болуы керек. Бағасы үлкен-кішілігіне қарай 3000-10000 аралығында. Сондай-ақ шибөрі (шакал), жаздық, күздік, қыстық қасқыр терілерін бас сүйегі асығымен аламын. Бағасы 1000-5000 теңге аралығында.

Хабарласу ☎ **8776 6609563
8707 6124980**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекеттік мекеме басшылары мен ауылдық округ әкімдері назарына!

«МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ» газетінің редакциясы фирмалық бланкілерді төмен бағамен әзірлеуге тапсырыстар қабылдайды (мемлекеттік лицензия серия АА №000112). Бланк үлгісін ала келулеріңіз керек. Анықтама телефоны: 8-726-42-2-49-30.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Вниманию руководителей государственных учреждений и акимов сельских округов!

Редакция газеты «МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ» принимает заказы по изготовлению фирменных бланков по низким ценам (государственная лицензия серия АА №000112). При обращении при себе иметь образцы бланков. Телефон для справок: 8-726-42-2-49-30.



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Мойынқұм ауданы әкімдігінің ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімінің «Мөлдiр» шаруашылық жүргiзу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына тиесілі, 2008 жылы шыққан, 15.11.2008 жылы тіркелген, мемлекеттік нөмері АВД 346 Н, погрузчигінің техникалық паспорты (ШМ №0267958) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Аудандық ардагерлер кеңесі Мойынқұм ауылының тұрғыны болған еңбек ардагері

ШОЛАҚОВ Лестің

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, балаларына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



**Директор-
Бас редактор
Сүндетулла ӘБІЛОВ**

МЕНШК ИЕСІ:

Мойынқұм аудандық
"Мойынқұм таны"
газетінің редакциясы"
Жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
Амангелді көшесі
№68 "Г"

ТЕЛЕФОНДАР:

Бас редактор
2-49-30 /факс/
Бас редактордың
орынбасары 2-49-11
Есенші, тілші 2-14-06

Газет аптасына 2 рет сейсенбі,
жұма күндері шығады. Редакция автордың
көзқарасы мен жарнама мазмұны үшін
жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет ЖК ЖТО «АлиЗА» баспа
орталығында басылған.
Мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б.

Газет Қазақстан
Республикасының
Мәдениет және Ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
тіркеу туралы № 129552-Г
куәлік берілген (02.08.2012ж.
Астана қаласы)

moinkum_tani@mail.ru

moinkum-tani.kz

Кезекшілер: Ж. Дәметов, Г. Наурызбаева.

Корректор: А. Әлімбетова

Таралымы 2085

Тапсырыс №32